

6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының «Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

## ШКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының көкейкестілігі мен оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қоғамымыз жаңарып, ілгерілеу кезеңінде адам факторы және оны жан-жақты жандандыру қажеттілігі жылдан жылға артып келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында және 12 жылдық білім беру бойынша құжаттарда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен техника жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуы және дамуы үшін жағдайлар туғызу қажеттігі атап көрсетілген.

Қазір кездегі орта білім беру жүйесі бойынша Қазақстан мемлекетінің міндеттерін жүзеге асыруда әлемдік үздік тәжірибені зерттеу және талдау барысында мынадай бағыттар айқындалып отыр

– білім мазмұны оқушылардың қазіргі заманғы білім алу қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыруға бағытталған;

– білім берудің стандарттары мен оқу бағдарламалары өмірлік маңызды дағдыларды дамытуға, оқушының жеке басының қызығушылығы мен талғамдарын ескеруге, дамытуға, олардың бойында жалпы оқу іскерліктерін қалыптастыруға, сондай-ақ әрбір оқушының және қоғамның мүддесі мен қажеттіліктерін ескеруге, жеке тұлғаны жоғары сапамен оқытуға, тәрбиелеуге және дамытуға бағытталған;

– оқушының қабілетін отбасылық экономикалық-әлеуметтік жағдайына, жынысына, қоғамдық мәртебесіне, ұлтына, дініне қарамастан барынша дамытуға көзделген; жастардың күнделікті қоғамдық өмірдегі болып отыратын өзгерістерге тез бейімделіп, үйлесімді қарым – қатынасқа түсуге жағдай жасалған;

– білімнің нәтижелері, ақпараттарды өздігінен табу мен өңдеу біліктілігін қалыптастыру, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану, өздігінен даму және өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру жастардың жеке мақсаттарымен байланыстырылған;

- Жеке тұлғаның логикалық, математикалық, ғылыми-жаратылыстану, инженерлік ойлауын қалыптастыруды, әртүрлі өмірлік жағдайларға және болашақ кәсіби қызметіне қажетті оқушылардың аналитикалық, практикалық біліктері мен дағдыларын жетілдіруге жағдайлар жасалған;

Қазақстанда орта білім беруде жоғарыда аталған мәселелерді оңтайлы жүзеге асыру үшін, жан – жақты білімді игерген жас педагог маманның әлеуметтік құндылығы арта түсіп отыр. Сондықтан жоғары оқу орнында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру және педагогтарды қоғам талабына сәйкес дайындау өзекті мәселе.

Осыған орай Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының қорғауға ұсынып отырған *«Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру»* атты диссертациялық зерттеу жұмысы елімізде жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде өзекті мәселе екені сөзсіз.

## **2. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Диссертант зерттеу мәселесін шешу мақсатында алдына 4 зерттеу мақсатын қойған және зерттеу барысында 4 міндеттің де шешімін тапқан, 4 ғылыми нәтижеге қол жеткізген.

*Бірінші* жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың ғылыми-практикалық және әдіснамалық алғышарттары анықталған;

*Екінші* жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың теориялық негіздері анықталған;

*Үшінші* жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;

*Төртінші* жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілген.

Ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің зерттеу жұмысына қатысты шет ел және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, оған өздігінен пайымдама беру негізінде қорытындылауында. Зерттеу мақсатына жетуде ізденушінің алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамаларының негізділігі мен шынайылығын оның теориялық тұрғыда негізделуінен, зерттеудің ғылыми аппаратын құрудағы логикалық бірзділігінен көруге болады. Нақты зерттеу міндеттерінің анықталуы, зерттеу әдістерін тиімді пайдаланылуы, тұжырымдалған әрбір нәтижелердің іс жүзінде дәлелденуі, зерттеу аясында алынған мәліметтердің сандық және сапалық талдануы, зерттеу жұмысына қорытынды жасай отырып, шынайылық дәрежесін қамтамасыз еткен.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

*Бірінші* нәтиже, жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың ғылыми-практикалық алғышарттарын оның психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі зерттелуіне байланысты ғылыми зерттеу бағыттары жүйелік, іс-әрекеттік, аксиологиялық, тұлғалық-бағдарланған, тарихи, кешенді тұғырлар арқылы іске асырылған.

*Екінші* нәтиже, жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың мазмұны Мемлекеттік білім беру стандартын, білім беру бағдарламаларын толықтыратын білім ретінде қарастырылған және коммуникативтік білімнің, дағдылардың, жеке тұлғалық коммуникативтік сапалардың үйлесімді бірлігі негізінде жүзеге асырылған.

*Үшінші* нәтиже, жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі нормативтік-мақсаттық, теориялық-әдіснамалық, мазмұндық-үдерістік, бағалау-нәтижелік блоктардан, мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік құраушылардан құралған. Коммуникативтік лидерлікке мотивацияның болуымен, коммуникативтік лидерлік бойынша жүйелі білімдер мен түсініктерінің кеңеюімен, оны кәсіби іс-әрекетте тиімді іске асыра алуымен өлшенеді. Осы өлшемдерге сәйкес көрсеткіштер жоғары, орта, төмен деңгейлерді белгілейді.

*Төртінші* нәтиже, жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру: мазмұндық – арнайы жасалған пән бағдарламалары, оқулықтар мен құралдар жасаумен анықталған; ұйымдастырушылық – оқу-тәрбие үдерісінде әртүрлі жұмыс формаларын, әдіс-тәсілдерді пайдаланумен айқындалған; әдістемелік - тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда негізделген жұмыстармен айқындалған.

### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының диссертациялық жұмысын толығымен ішкі логикасы мен бірлігі сақталған жұмыс деп айтуға болады, өйткені, диссертацияның барлық бөлімдері мен олардың жалпы жиынтығы логикалық байланыста құрастырылған және біртұтас мақсатқа қол жеткізуге бағытталған. Бұл автордың зерттеу жұмысының материалдарын теориядан талдауға ұластырып, ретімен кезеңдей мазмұндауына мүмкіндік берген және ұсыныстарын жеткілікті деңгейде негіздеуіне жол ашқан.

Зерттеу жұмысында берілген құнды ұсыныстар, автордың алған нәтижелерінің ішкі бірлігін қалыптастырып, зерттеу мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік берген. Бұл диссертацияны аяқталған ғылыми еңбек деп бағалауға негіз болады. Ізденушінің алған нәтижелерін орта және жоғары білім беру

оқу - тәрбие үдерісінде, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру курстарында пайдалануға болады.

#### **5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама**

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары отандық және шетелдік халықаралық конференцияларда талқыланған, Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда жарық көрген. Автордың жалпы 11 еңбегі жарияланған. Соның ішінде 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 - Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 4 - халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 1 - шетелдік халықаралық ғылыми конференцияларда жарияланған және 1 оқу құралы жасалған

#### **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысын толық аяқталған, жоғары дәрежеде орындалған жұмыс деп тұжырымдай келе, жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кейбір кемшіліктер де кездеседі:

1. Зерттеу тақырыбы бойынша 1.1 «Жоғары оқу орындары студенттерін кәсіби даярлаудың отандық және шетелдік тәжірибесі" атты тарауда зерттелген мәселе бойынша шетелдік ғалымдар жиі аталған да ал, еліміздегі қазақстандық (С.Ж.Пралиев, Б.А.Тұрғынбаева, Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова, К.С.Құдайбергенова, К.М.Беркімбаев және т.б.) ғалымдардың еңбектеріне аз көңіл бөлінген.

2. Диссертацияда жаратылыстану мамандықтары студенттерін кәсіби даярлаудың отандық және ресейлік тәжірибесі зерттелген. Жаратылыстану мамандықтары студенттерін кәсіби даярлаудағы алыс шетелдік жоғары білім беру тәжірибелер де қарастырылғанда зерттеу аясы кеңейе түсер еді.

3. Зерттеу жұмысында коммуникативтік лидерлікті қалыптастыру әдістемесінде әлеуметтік желілерді пайдаланудың мүмкіндіктері қарастырылғанда жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

Жалпы зерттеу жұмысы барлық талаптарға сай болғандықтан, айтылған кемшіліктер диссертациялық жұмыстың құнын төмендетпейді.

#### **7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жоғары білім беру ұйымдарында кәсіби маман даярлаудың теориясы мен практикасына қомақты үлес қосады. Зерттеу жұмысында ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда өзекті

мәселе жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру жан-жақты шешімін тапқан.

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының «Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Оның авторы Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызына 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.



**Ресми рецензент:**  
**Философия докторы (Ph.D)**



РАСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ  
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ  
ЗАВЕРЯЮ: НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО  
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ  
ҚазҰПУ, мекені Абай  
ҚОЛЫ АЛИМБЕКОВА А.А.  
ПОДПИСЬ